

ТҮБЕКТІ ТҮЛЕТКЕНДЕР

ӘЛКЕ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ ЗІНДІК СТИЛЬ

АДАМ ӨМІРІНДЕ «ҰСТАЗ» ДЕГЕН АТАҚҚА ЛАЙЫҚ САНАУЛЫ ЖАНДАР БОЛАДЫ. МЕКТЕП ТАБАЛДЫРЫҒЫН АТТАҒАНДА ЖАУТАНДАҒАН КӨҢІЛІҢЕ ДЕМЕУ БОЛАР ЖАН – МЕКТЕП МҰҒАЛІМІ БОЛСА, ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА, ҚЫЗМЕТТЕ, ӨМІРДЕ ДЕ САҒАН БАҒДАР БОЛАР ЖАҚСЫ АДАМДАР – СЕНІҢ АҚЫЛШЫҢ ӘРІ ҰСТАЗЫҢА АЙНАЛАДЫ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ, ҚАЗАҚ ЖАҚСЫНЫ ҒАНА МЕНШІКТЕП: «МЕНІКІ» ДЕП ЕСЕПТЕЙДІ. МЕНІҢ АҒАЙЫМ ДА ДӘЛ СОЛАЙ МЕНШІКТЕУГЕ ЛАЙЫҚ ЖАН ЕДІ...

Арман жетегінде жүріп, Алматыдағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде оқып жүрген албырт, аңқау шағым еді. Ол жаста бәрі жақсы, бәрі дұрыс көріне береді емес пе?

Өндірістік тәжірибеден өтпек ниетпен, аудан әкімдігі жанында орналасқан жаңадан құрылған газет редакциясына келдім. Бойы ұзын, жүзі жылы, мейірім төгіп тұратын Есберген Іңірбайұлы деген жақсы жанмен таныстығым осылай басталды. Есіктен имене кірген мені жылы қарсы алған ағай журналистикаға не үшін келгенімді, кімдерден білім алғанымды сұрап, көптеген ортақ таныстар мен тақырыптарды сөз етті. Сол күні ағай маған аудандық газетті енді ашып жатқанын, қоғамдық-саяси басылым жарияланымдарының ерекшеліктерін түсіндірген еді.

Макет пен вёрстканың атын ғана естіп, тек теориясын білетін біз сол ағаймен бір толқында, аудандық газетті көтереміз деген ортақ ниетпен практикант пен редактор ретінде бірге жұмыс істеуге кірістік.



Ағай сол кезде жанындағы екі тілшісі мен кор-ректоры Перизат, беттеушісі Ерболмен бірге А4 форматындағы шағын газетті айналдырып отырған. Ауданда көп жылдық үзілістен кейін оқырман қолына қайта жеткен газеттің қолдан қолға өтіп, қызығушылықпен оқылып тұрған кезі болатын. Оның үстіне, ағайға ұсыныстар айтып, түрлі айдарлар мен беттер ұйымдастырдық.

Газеттің әр санын өз перзентіндей көретін ағайым алдымен келген мақалаларды маған тергізіп:

– Ал, сен тақырыпты жақсы қоясың, қане, тақырып ұсын, – деп арқамнан қаратын.

Мақтаған соң, арқам қозып, мотивацияның бәрін ағайдан естіп, шабыттанып бірнеше тақырып ұсынып тастайтынмын.

Ағайдың редакторлық шеберлігі – мүлде бөлек. Сенің қойған тақырыбыңды көркем ойнатып,

өзгеше етіп шығара білетін. Өндірістік тәжірибе кезінде мен өзге курстастарым секілді редакцияда шәй тасып жүрген жоқпын, себебі жаңадан ашылған жас редакцияда ағайдың өзінен өзге жазатын кәсіби журналист аз еді. Екі тілшісі болды. Екеуі де кәсіби маман емес – бірі есепші, бірі ағай тапсырған жұмыстарды орындап жүретін көмекші болатын. Бірақ ағай олардың екеуіне де жазуды үйретіп, нағыз тілші етіп шығарды. Олар ағайдың машығынан өткен соң, жазуға төселіп, менен кем түспей жазатын деңгейге жеткен. Оларда тәжірибе бар, ал менде кәсіби бағыт – ағай осыны ерекше бағалайтын.

Жанрларды жіліктеп, сұхбаттың сұрақтарын құрастырғанда ағайдың шеберлігіне сөз жоқ. Ол мұның бәрін бір міндет емес, күнделікті жасауы тиіс үйренішті жұмысындай көріп, аса ықыласпен атқара салатын.

Өндірістік тәжірибем аяқталып, оқуға қайта аттанар кезімде бірнеше тақырып ұсынды. Мен сол тақырыптарды – флешка да, электронды пошта да жоқ кезеңде – қара дискетаға жазып, Алматыдан пошта арқылы жолдап тұрдым. Ол дискета кейде ашылып, кейде форматталып кететін. Студентпін деп менмендік танытпай, ағай үнемі:

– Осы газетке сендей жаны ашитын жан жоқ, сені редактор етемін, – деп айтып отыратын.

– Менен кейінгі редактор – сен боласың, – дегенде, мен:

– Қойыңызшы, ағай, тілші бола алмай жүріп, редактор қалай боламын? – дейтінмін.

Сонда ағай: – Сенің қолыңнан ұйымдастыру да, басқару да келеді, – деп зор сенім білдіретін.

Кейін дипломдық тақырыбымды Кәкен Қамзин ағаймен ақылдаса отырып, «Баспасөздегі жарияланым атауларының тілдік-стильдік ерекшеліктері» деген тақырыпқа қорғадым. Бұл жұмыста аудандық «Ақкетік арайы» газетінде жарияланған мақала, сұхбат, очерктерге зерттеу жасап, талдау жүргіздім. Дипломдық жұмысымызды қорғайтын күні комиссия құрамында отырған сол кездегі «Ана тілі» газетінің бас редакторы Мереке Құлкенов:

– Бұл газеттің редакторы Есберген – менің курстасым, – деп, менің жұмысымды «үздік» деп бағалаған еді. Ол кісі Есберген ағайдың білімдарлығы мен еңбекқорлығын да атап өтті.

Ағайдың қарапайымдылығы соншалық, бұл жаңалықты да сырттан естіп білдім. Еш уақытта билік пен атаққа ұмтылмайтын, ешкіммен тартыс-

пайтын ағай, керісінше:

– Осы тақырыпты осылай тарқатсақ, ұсынсақ, – деген идеяларымен ғана бөлісетін. Сол ойдың жетегінде жүріп, газетті баспаға жібергенше ештңеге аландамайтын.

Мен осындай қарапайым жаннан тәлім алып, тәрбиесін көріп, ұстанымын бойыма сіңіргеніме, тағдыр маған ағайды ұстаз етіп кезіктіргеніне шын ризамын. Шәкірт тәрбиелей алатын ұстаз – нағыз басшы. Сол талапқа сай ұстаз, газет басшысы – менің Есберген ағайым еді.

Енді, міне, ол кісі туралы өткен шақта сөйлеу – маған өте ауыр. Өмірдің күйбең тіршілігіне жұтылып, уақыт жоқ деп жүргенде, бір күнде ағайымнан айырылып қалыппыз. Бұл қаралы хабарды қызының әлеуметтік желідегі парақшасынан, Алматыда жүріп оқыдым. Сондағы өкінішімді-ай... Кеудемді жарып жібере жаздағандай ауыр күй кештім. Жақын жанның хәлін сұрап тұру, тірісінде бағалау керектігін маған осы бір қайғылы сәт ұқтырды.

ЕҢБЕГІ – ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ

Есберген ағайдың жазу мәнеріне тән қасиет қарапайымдылық пен шынайылық. Ол оқиғаны жалаң баяндап қоймай, оқырманды сол ортаға жетелейді. Әр кейіпкерін жаңды бейнеге айналдырып, оқырманға жақындата біледі.

Журналист ретінде оның басты мұраты – ақиқат пен әділетті қорғау, халыққа қызмет ету. Редакторлық қызметінде де газетке жаңа серпін беріп, жергілікті мәселелерді көтеріп, елдің жүрегіне жақын тақырыптарды арқау етті. Аудандық басылымдарды қайта жандандыру жолында көп еңбек сіңірді.

«Ақкетік арайы» сияқты газеттердің тарихында оның есімі – тұрақтылық пен кәсібилік белгісі ретінде қалды. Ол өз қызметінде оқырман мен қоғамдық мүддені бірінші орынға қойып, аймақтық мәселелерді көтеруді дәстүрге айналдырды. Газет тілін халық тілімен сабақтастыра білуі – оның кәсіби шеберлігінің көрінісі.

Сонымен қатар, Есберген Іңірбай архив деректерін жинақтап, өңір тарихын зерттеуге де үлес қосты. «Тоғыз қайық», «Тоқабай Құрмаш», «Боздақтар» секілді жинақтарға атсалысып,



ұрпаққа аманат боларлық рухани мұра қалдырды. Бұл еңбектер – оның журналист қана емес, әдебиет пен тарих жанашыры екенін де дәлелдейді.

Көп жылғы адал еңбегі үшін түрлі марапаттарға ие болды. Соның ішінде Қазақстан Журналистер одағының «Алтын медалі» – қаламгердің қоғам алдындағы зор еңбегінің лайықты бағасы.

Ағайдың тарихқа деген қызығушылығы да ерекше еді. Архив материалдарын зерттеу, ескерткіш тақталарына жазылған сөздерді жинау, жергілікті тұлғалардың өмірбаянын жариялау – Есберген ағайдың қилы қырларының бірі болатын. Ол кез келген деректі зерттегенде мұқият қарап, оқиғаға тарихи-көркем тұрғыдан мән беретін. Бұл тәсіл – өңір тарихын көпшілікке қызықты әрі қолжетімді ете білді.

Қазақ баспасөзі тарихында елдің үнін жеткізіп, халықтың мұң-мұқтажын жазған қаламгерлер аз емес. Солардың қатарында Есберген Іңірбайұлының есімі айрықша аталады. Өмір жолы қарапайым ауылдан басталғанымен, еңбегі бүкіл өңірге ортақ рухани байлыққа айналды.

Оның қаламынан көбіне өңір өмірі, халықтың тұрмыс-тіршілігі, тарихи-этнографиялық материалдар, нақты адамдар тағдыры туралы адамгершілікке бай репортаждар туды. Сонымен қатар жергілікті басылымдарды жаңғырту, аудандық газеттерді басқару – оның кәсіби жолындағы маңызды бағыттар еді.

Есберген Іңірбай – Маңғыстаудың рухани келбетін қалыптастырған, өңір журналистикасының беделді өкілі. Қарапайым халықтың жүрек лүпілін қағазға түсірген қаламгердің шығармашылық жолы – жас журналистерге үлгі, елге өнеге болып қала береді.

Асыл ұстазым, есіміңізді жүрегімде мәңгі сақтап, сіздей жанның шәкірті болғанымды әрқашан мақтан тұтамын.

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын!

Милана ЕЛЕУСІНОВА.

Қоғамдық тыңдау

«Төлеш-Маңғыстау» ЖШС «2026–2035 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРАТАУШЫҚ-2 ҚҰРЫЛЫС ТАСЫ КЕНОРНЫНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АТМОСФЕРАЛЫҚ АЗАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ НОРМАТИВТЕРІ (РШН) ЖОБАСЫ» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды. Учаскенің географиялық координаттары және Қарамандыбас-6 кенорнының әсер ету аумағының географиялық координаттары: 1.44о21'38.24" с.е. 51о22'17.28" ш.б. 2.44о21'41.84" с.е. 51о22'21.54" ш.б.3. 44о21'25.40" с.е. 51о22'45.24" ш.б.4. 44о21'21.26" с.е. 51о22'41.34" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар: 2025 жылғы 14 қарашада, сағат 15:00-де өтеді.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық с.о., Таушық селосы, Елмұханбет көшесі, 6, «Таушық селосы әкімінің аппараты» ММ.

Карантин режимі немесе төтенше жағдайлар болған жағдайда тыңдаулар ZOOM арқылы бейне-конференция форматында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өтуіңіз қажет: <https://us04web.zoom.us/j/3013598896?pwd=vJeKNNe0NWgqxKvhjtFL971aWfmBao.1&omn=74320105578>

Конференция идентификаторы: 301 359 8896,

Қол жеткізу коды: Ys8Chm

Іс-шараның бастамашысы: «Төлеш-Маңғыстау» ЖШС, мекенжайы: 130000, Ақтау к., 7 ш/а., «Еврострой» офисі, Телефон/факс (7292) 51-60-65, тел.: +7 (7755138403).

Жобаны әзірлеуші: ЖК Пушкинка А.А., Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 19-үй, 121 пәтер, телефон: +7 (7755138403).

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/> интернет-ресурсында орналастырылған.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық поштаның мекенжайы мен телефоны: alenin25@yandex.kz, телефон: +7 (7755138403).

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Ақтау қаласы, 14-ш/а, 1-ғимарат; тел.: +7 (7292) 462131 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, жауапты тұлға Базарбай Сабина.

Общественные слушания

ТОО «Толеш-Мангистау» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «ПРОЕКТ НОРМАТИВОВ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ (НДВ) ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРНЫЙ ВОЗДУХ ДЛЯ ОБЪЕКТОВ МЕСТОРОЖДЕНИЯ СТРОИТЕЛЬНО-ГО КАМНЯ КАРАТАУЧИК-2 НА 2026 – 2035 ГГ.». Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия Месторождения Карамандыбас-6: 1.44о21'38.24" с.ш. 51о22'17.28" в.д. 2.44о21'41.84" с.ш. 51о22'21.54" в.д.3. 44о21'25.40" с.ш. 51о22'45.24" в.д.4. 44о21'21.26" с.ш. 51о22'41.34" в.д.

Слушания состоятся: 14 ноября 2025 г. в 15:00 ч.

Место проведения общественных слушаний: Мангистауской области, Тупкараганского района, Таушыкский с.о., с. Таушык, ул. Елмұханбет, 6, ГУ «Аппарат акима села Таушык». В случае карантинного режима или ЧП слушания будут проходить в формате видеоконференции посредством ZOOM. **Для участия в общественных слушаниях необходимо перейти по ссылке:** <https://us04web.zoom.us/j/3013598896?pwd=vJeKNNe0NWgqxKvhjtFL971aWfmBao.1&omn=74320105578>

Идентификатор конференции: 301 359 8896

Код доступа: Ys8Chm

Инициатор деятельности: ТОО "Толеш-Мангистау", адрес: 130000, г.Ақтау, 7 мкр., офис «Евро-строй», Телефон/факс (7292) 51-60-65, тел.: +7 (7755138403)

Разработчик проекта: ИП Пушкинка А.А., г. Ақтау, 14 мкр., 19 дом, 121 квр., тел. +7 (7755138403).

Документация размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz/> и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/>

Адрес электронной почты и номер телефона, по которым можно запросить материалы: alenin25@yandex.kz, тел. +7 (7755138403)

Замечания и предложения принимаются по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», г.Ақтау, 14 мкр, 1 здание; тел : +7 (7292) 462131 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, ответственное лицо Базарбай Сабина.



■ САҚТЫҚ

ҚАЗАНДЫҚТАРДЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАУ ҚАЖЕТ

ҚЫСҚЫ МАУСЫМДА ТҮРҒЫН ҮЙЛЕР МЕН ҒИМАРАТТАРДЫ ЖЫЛЫТУ ҮШІН ҚАЗАНДЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕҢ ТАРАЛҒАН. АЛАЙДА, ҚАЗАНДЫҚТЫ ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАМАУ, ӘСІРЕСЕ ОНЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРУ – АУЫР ЗАРДАПТАРҒА ӘКЕЛУІ МҮМКІН.

Қазандықты қараусыз қалдырмау керек.

1. Өрт шығу қаупі: жанармайдың көп жануы, түтін мұржасының бітелуі немесе техникалық ақау өртке себеп болуы мүмкін.

2. Улы газдың бөлінуі: қазандық дұрыс жұмыс істемесе көміртек тотығы (CO) бөлінеді, ол иссіз әрі түссіз болғандықтан адамды байқатпай уландырады.

3. Жарылыс қаупі: газ қазандықтарында жалын сөніп қалған жағдайда газ жиналып, жарылысқа апаруы мүмкін.

4. Материалдық шығын: қазандық істен шықса, үй жылуы қалуы мүмкін және жөндеуге шығын пайда болады.

Қазандықты пайдалану кезіндегі негізгі ережелер:

- Қазандық жұмыс істеп тұрған кезде оны қараусыз қалдырмаңыз.
- Қазандықтың жанында жанғыш заттарды ұстамаңыз.
- Түтін мұржасының тартуын жүйелі түрде тексеріңіз.
- Газ қазандығы болса, жалынды бақылау жүйесінің жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.
- Қазандық бөлмесінде желдетуді қамтамасыз етіңіз.
- Электр қазандығын қолданғанда сымдардың бүтіндігін және шамадан тыс жүктемелер болмауын қадағалаңыз.

Төтенше жағдайда:

- Қазандықтан түтін шықса немесе газ иісі сезілсе, оны дереу өшіріп, бөлмені желдетіп, мамандарға хабарласыңыз.
- Өрт шыққан жағдайда – 101, улы газдан ұлану күдігі болса – 103 нөміріне қоңырау шалыңыз.



М.ТЕҢЕЛБАЕВ,
аудандық ТЖ бөлімінің инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

ӘРБІР ОНЫНШЫ ӨРТ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ОТПЕН ОЙНАУЫ НЕМЕСЕ БҰЗАҚЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІНЕН ТУЫНДАЙДЫ. БАЛАЛАРДЫҢ ОТТЫ ЗАТТАРМЕН ОЙНАУЫНЫҢ СОҢЫ КӨБІНЕСЕ ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒАҒА АПАРАДЫ. ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒЫНАН, ӨРТ ШЫҒАРҒАН БАЛАҒА ЖАУАПКЕРШІЛІК АТА-АНАСЫНА ЖҮКТЕЛЕДІ, ШЫҒЫНДЫ ОЛАР ӨТЕУГЕ МІНДЕТТІ.

Электр құралдарының жүйеде тұйықталуы, ашық сымдар, сынған розеткалар қауіптің негізгі көздері.

Қауіпсіздікке қатысты кеңестер:

• Қосымша электр құралдар мен қолдан жасалған газ плиталарын қолданбаңыз.

• Электр желісіне қолдан жасалған қыздырғыштарды қоспаңыз.

• Кеңсе немесе бөлмеден шыққанда барлық электр және газ құрылғыларын және жарық шамдарын міндетті түрде сөндіріңіз.

• Қысқа тұйықталу пайда болса, жүйені дереу электр желісінен ажыратып тастаңыз.

Өрт шықса, тез арада 101 немесе 112 нөміріне қоңырау шалыңыз. Оқиға орын туралы нақты мәлімет беріңіз, диспетчердің сұрақтарына жауап беріңіз.



ӨТКЕН СЕНБІ КҮНІ DUNGA OPERATING GMBH КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЦИЯСЫ АЯСЫНДА СЕНБІЛІККЕ ШЫҚТЫ. ІС-ШАРА ТҮТҚАРАҒАН АУДАНЫНЫҢ 43-ШАҚЫРЫМЫНДА, КАСПИЙ ТЕҢІЗІ ЖАҒАЛАУЫНДА ӨТТІ.



КАСПИЙ ЖАҒАЛАУЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

Сенбілік барысында шамамен 11 текше метр қоқыс – яғни 150 қап тұрмыстық қалдық жиналды. Бұл — Каспийдің бірегей табиғатын сақтау және өңір экологиясын жақсартуға бағытталған нақты іс.



Компания өкілдері акция арқылы қоғам назарын қоршаған ортаны қорғауға аударып, облыс тұрғындарын табиғатқа ұқыпты қарауға шақырды: «Біз бірлескен күш-жігерімізбен Каспий теңізі мен оның жағалауын болашақ ұрпақ үшін таза әрі көрікті етіп сақтай аламыз», – дейді ұйымдастырушылар.

■ СПОРТ

ТҮТҚАРАҒАН БАРЫСЫ АНЫҚТАЛДЫ

АҚШҰҚЫР АУЫЛДЫҚ БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ДӘСТҮРЛІ «ТҮТҚАРАҒАН БАРЫСЫ» ІРІКТЕУ ЖАРЫСЫ ӨТТІ. ЖЕРГІЛІКТІ



СПОРТШЫЛАРДЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН БҮЛ ДОДА – АУДАНЫМЫЗДА ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫ ДӘРІПТЕУ, ЖАСТАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА БАУЛУ ЖӘНЕ ТАТУЛЫҚ ПЕН ДОСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ИПІ ШАРА БОЛДЫ.

Жарысқа ауданның әр ауылынан 8 балуан қатысып, белдесулер тартысты әрі жоғары деңгейде өтті. Әр палуан аудан намысын қорғап, өз шеберлігі мен күш-жігерін таныта білді.

Нәтижесінде Ерболат Бердімұрат қарсыластарынан басым түсіп, «Түтқараған барысы» атағына ие болды. Нұрболат Бердімұрат жүлделі екінші орынға, ал Асылбек Алпишов үшінші орынға табан тіреді.

Жарыс соңында жеңімпаздар арнайы марапатталып, ауданның үздік палуандары облыстық кезеңге жолдама алды.

Меншік иесі:
**MAŃGYSTAŪ
MEDIA**

Директор
Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ

Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru



**Ақкетік
арайы**

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігінде 06.02.2013 ж. тіркеліп,
№13362-Г күйелігі берілген.

Редактор –
Милана ЕЛЕУСІНОВА

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС
ақпарат және дизайн орталығында бетбелді

Жетекші –
Гүлнара ТАСБОЛАТОВА

Беттеуші дизайнер –
Ш.АЯЗБАЕВА

«Атырау-Ақпарат» ЖШС
баспаханасында басылды. 060005,
Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.
Тел: 8 7122 458-660,
586-392.

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның тәуелсіздігіне қызметкерлері қызметкерлері болып есептелмейді.
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз қайталап басуға болмайды.
■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
■ Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Таралымы: 328. Индекс: 65809.
Тапсырыс нөмірі: 1182
Газеттің бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

7 ҚАЗАН
түнде: +14 | күндіз: +21

8 ҚАЗАН
түнде: +14 | күндіз: +22

9 ҚАЗАН
түнде: +15 | күндіз: +21

10 ҚАЗАН
түнде: +13 | күндіз: +17

11 ҚАЗАН
түнде: +12 | күндіз: +16